



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

РЕПАТРИАНТТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Сайлауханова Мархаба Мейірбекқызы

markhaba.sailaukhanova@mail.ru

«5B090500 - Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4-ші курс студенті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші - Байғабылов Н.О.

Репатриант (репатрианттар) - өз отанына тұрақты өмір сүру мақсатында ерікті түрде оралған азамат, Қазақстан Республикасы жағдайында «оралман».

Репатрианттар – бұл Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезден бастап түрлі себептермен мемлекеттен тысқары өмір сүретін немесе тұрақты өмір сүру үшін шетелдерден тарихи отанына қоныс аударған этникалық қазақтар, бұрынғы диаспора өкілдері. Репатрианттар Қазақстан Республикасы заңы белгілеген азаматтық-құқықтық мәртебеге ие [1].

Репатрианттар қазіргі демографиялық саясаттың негізгі нысаны болып табылады және Қазақстанның миграциялық саясатындағы мемлекеттік реттеуде бастапқы нысан.

«Репатриант» түсінігін мазмұндап ұғыну мен репатрианттың миграция жүйесіндегі шынайы орнын анықтау жалпы алғанда «диаспораға», оның ішінде шетелдегі қазақ диаспорасына анықтама беруді талап етеді.

Қазақ диаспорасы өкілдері бүкіл қазақ халқының құрамдас бөлігі болып табылады. Олардың ортақ отаны – Қазақстан. Қазақ диаспоралары әлемнің 40 мемлекетінде тіркелген. Арнайы әдебиетте қазақ диаспорасы мүшелерінің саны бойынша нақты мәлімет жоқ. Демограф М.Тәтімовтың еңбегінде, 1991 жылы 3 миллионнан астам этникалық қазақ Қазақстан Республикасынан тыс елдерде өмір сүруде деп көрсетілген. Оның ішінде: Қытайда - 1,296 млн адамға жуық, Өзбекстанда - 870 мың адам, Ресейде - 660 мың, Монғолияда – 157 мың, Түркменстанда – 90 мың, Ауғанстанда – 45 мың, Қырғызстанда – 40 мың, Түркияда – 30 мың, Иранда -15 мың, Украинада – 15 мың, Тәжікстанда - 12 мың, Пәкістанда -3 мың және т.б. [2].

Басқа мағлұматтар бойынша, отандастарымыздың көпшілігі Өзбекстанда – 1,5 миллион, Қытайда – 1,3 миллион, Ресейде – 900 мың, Түркменстанда – 100 мың, Монғолияда – 80 мың, Қырғызстанда – 45 мың қазақ тұрады. Қазақтардың біразы Түркияда, Иранда және Ауғанстанда. ХХІ ғасыр аралығында шетелдегі қазақтардың жалпы саны ЮНЕСКО істері бойынша ҚР Ұлттық комиссиясының мәліметтері бойынша 2,5 млн-ды құрады; «Қазақ диаспорасы» кітабының авторы Г. Меңдікүлованың мәліметінше – 4,5 млн.; Қазақтардың бүкіләлемдік қауымдастығының мәліметінше – 5 млн адамнан астам [3].

Елге оралып мемлекетіміздің қамқорлығына бөленіп жүргендермен қатар, квотасыз қалған қандастарымыз бар. Олар азаматтығын ала алмай, Әлеуметтік қиыншылықтармен кездесуде. Сондықтан олардың рухын көтеру, өмірге деген ынтасын арттыру, олардың әлеуметтік жағынан қорғалудың заңдылықтарымен қамтамасыз ету, мәдениет ақпарат байланысын жетілдіре түсу – әлеуметтік саясаттағы басты міндеттердің бірі.

Қазақстан Республикасы шетелдегі бауырларымызды өздерінің тарихи Отанына оралтуда тиімді бағдарламаларын жасап, оны жоспарлы түрде жүзеге асырып келеді. Көші-қон квотасы жылдан-жылға артып оған қажетті қаржының да көлемі арту үстінде, оның орынды жұмсалыуына баса көңіл бөлінуде.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ішінен отандастарын тарихи Отанына оралту жайымен жүйелі түрде айналысып келе жатқан жалғыз ел – ол Қазақстан. Сондықтан осындай-атқарылып жатқан жұмыстарға зор сеніммен қарағанымыз жөн.

Біздің келешектегі жарқын болашағымыз-бәрімізге ортақ мүдде. Еліміздің ұстап отырған салихали саясатына жан-жақты қолдау көрсетіп, халық санының көбейуіне ықпал етуіміз қажет.

Шет елдердегі қазақтардың Қазақстанның өсіп-өркендеуіне қосар өзіндік үлестері зор.

Жат жұрттағы қандастарымыздың арасында мықты да білікті, өз ісінің шебері, білімді де еңбекқор азаматардың көп екендігіне куәміз. Сол азаматтарды елімізге қайтарып, Қазақстанның өсіп – өнуіне, экономикасының шарықтауына, мәденитінің өркендеуіне, даңқының аспандауына үлестерін қосуға ықпал етуіміз өте қажет деп ойлаймыз.

Сондықтан, Қазақстанда құрылған көші-қон комитетінің және репатрианттармен әлеуметтік жұмыс міндеті–тарихи Отанына оралған бауырларымызды жұмысқа орналастырып, баспанамен қамтамасыз етіп, жәрдемақыларын уақытында еш қиындықсыз беріп, оларға арналған заңдардың толық қанды жұмыс істеуіне күш жұмсау.

Қазақстанға оралған репатрианттар бірқатар әлеуметтік қиындықтармен кездесіп отыр. Балаларының мектепке баруын, арнаулы жеке жоғары оқу орнына түсуі, баспанамен қамтамасыз етілуі, жұмыспен толық қамтамасыз етілуі, жәрдемақымен қамталуы т.б. мәселелер баршылық. Бір–бірімен жең ұшы арқылы жалғасып жатқан қиындықта жетерлік. Сондықтан мұндай туындаған қиындықтар әлеуметтік жұмыскерлермен де бірлесе қолға алып шешу басты міндетіміз болуы шарт.

Қазіргі кезеңде көші-қон тек әлеуметтік-экономикалық ғана емес, сонымен бірге болмысы немесе мазмұны бойынша мәндес деп саналмайтын әлеуметтік-психологиялық, этнографиялық, нормативті-құқықтық, саяси құбылыс болып табылады.

Репатрианттардың негізгі әлеуметтік мәселелері:

- оралман мәртебесін алу;
- тұрғын үй;
- жұмыспен қамту мәселелері;
- әлеуметтік және психологиялық бейімделу.

Жоғарыда аталған мәселелермен қатар: тұрғылықты және уақытша тұру, тұруға рұқсат алу, заңды білмеу және қажетті көмекті қайдан алу туралы ақпараттың жетіспеушілігі, балаларды мектепке және балабақшаға орналастыру, сол жердің тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін білмеу.

Үкімет шешімдерінің нәтижесінде репатрианттар мемлекет тарапынан көмек алады. Дегенмен, оларды материалдық қолдау мәселесін шешу үшін тиісті мемлекеттік мекемелерден материалдық көмек көрсету ғана емес, еңбекке жарамды адамдардың кәсіби және еңбекке бейімделуіне мүмкіндік жасау - репатрианттарды есепке алу және жұмысқа орналастыру үшін жеңілдіктер беру, сондай-ақ елді мекендерде өтемақылар мен жәрдемақылар төлеу.

Репатриантты бейімдеу және орналастыру көбінесе тұрақты жұмыс орнын алуға байланысты. Жаңа тұрғылықты жерде репатрианттар өз мамандықтарына сәйкес жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие емес және кездейсоқ жұмыспен айналысуға мәжбүр.

Тәжірибелі маман - әлеуметтік қызметкердің қызмет етуінің принципі, бастаушы ережесі және жалпы ережесі бола отырып, ғылым қалыптастырған заңдардан туындайтын тұжырымдар мен ережелерді басшылыққа алуы қажет.

Репатрианттардың елеулі бөлігі - әлеуметтік қауіп-қатер факторларынан зардап шеккен адамдар; сонымен бірге, олардың көпшілігі жұмысқа қабілетті, тиісті білім деңгейіне ие және белгілі бір жұмыс квалификациясы бар. Осыған орай, репатрианттарға әлеуметтік көмек олардың жұмысқа орналасуына, соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтуға жәрдемдесуден басталуы керек.

Елімізге оралған репатрианттардың жаңа ортаға бейімделудің мәселелердің бірі – тіл мәселесі. Қытайдан, Монғолиядан, Өзбекстаннан келген қандастарымыз тілге жетік, тілдік қырлары мол, әдет–ғұрыпқа берік, өнерге бейім, сөзге шебер, өз ойларын ақын тілмен жеткізуге шебер, тек Қазақстан Республикасында басымдыққа ие орыс тіліне келгенде көп жағдайда қиналыс байқалады.

Елбасымыз болашақта Қазақстан халқының санын 20 миллионға жеткізу жайында салихалы ой тастап ұсыныс жасады. Мұндай ұсынысты жүзеге асыру үшін : табиғи өсімді арттырып, көші-қон саясатын жоспарлы түрде қолға алуымыз қажет. Аталған саяси бағдарды біз алға қойылған стратегиялық жоспар деп ұққанымыз жөн. Осы мақсатта репатрианттарға

бағытталған әлеуметтік жұмыс бағытында нақты істерді қолға алу, жүйелі іс-шараларды жандандыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. [www.http:Ведомости Парламента Республики Казахстан // Закон Республики Казахстан «О миграции населения» 1997.](http://www.vedomosti.kz) [қолданған уақыты 24.03.18 ж. 20:50 мин.]
2. Татимов М.Б. Сколько нас в мире? // Достық – Дружба, 2015. №4, – С.6.
3. Мустафаев Н. Казахи зарубежья. // Казахстанская правда. – 2016. 17 апрель, – С.4.

УДҚ 37.04

ШАҒЫН БИЗНЕСТЕГІ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Сатыбалдықызы Алтынзер

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 4- курс студенті

Қазіргі нарық заманында кімнің болмасын бизнес жасауға қауқары бар. Соның ішінде әйел адамдардың бизнес саласына аяқ басуы мен үшін құба-құп қабыл аларлық дүние. Отбасынағы бір адамның жалақысы жеткіліксіз, сол қаражаттың жетіспеушілігінен қоғамда болып жатқан мәселелер аз емес. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші отбасының ұйытқысы бола білген келіншектер жеке кәсіпте де табысты іскер тұлға болып қалыптаса алады. Ұсыныс ретінде жалғыз басты әйелдердің өмір сапасын жақсарту мақсатында жалғызбасты бизнеспен айналысатын әйелдердің салық мөлшерін толық отбасылыларға қарағанда 20-30%-ға төмен болса. Менің ойымша көп жағдайда әйел адамдар ер адамдарға қарағанда жауапкершілігі молырақ. Кейбір жағдайда әйел адамдарға бизнес жасауға қарсы болады, ал мен айтар едім бизнес жынысқа бөлінбейі. Барлығы адамның қабілетіне байланысты. Әйел адамдар нақты өз қызығушылығына сай келетін бағыттарға қызығушылық танытады.

Қазақстан халқының 9 миллионнан астамамы 52% әйелер құрайды. Бүгінде әйелдердің отандық бизнес ортасында 50% құрап, еліміздің ЖІӨ қалыптасуына 40% үлес қосып отыр. Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігінің басым бөлігі қызмет көрсету саласына бағытталған, сервистік қызмет көрсетудің 63% әйелдерге тиесілі, ауыл шаруашылығындағы кәсіптің 53% -ын нәзік жандылар басқарады. Ал шағын және орта кәсіпкерлікті 697355 (42%) әйел басқарады. Тағы бір қуанарлығы елімізде жүргізіліп жатқан «бірегей әлеуметтік инновациялық» жобаларға қатысып, әйелдер шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, өз бизнестерін бастауда. Жалпы, елдегі кәсіпкер әйелдердің саны өткен жылдың 1 шілдесіне қарағанда 700 мыңға жетті - бұл 45% - ды құрайды екен. АҚШ – 11,3 млн компаниялары әйелдердің меншігінде. Күн сайын 1072 әйел жаңа кәсіп ашады екен. Жапонияда жалпы жұмыс күшіндегі әйелдердің қатыстырылу үлесі – 42,%. Жапония Гендерлік теңсіздік бойынша әлемде 104 - орында. Түркияда жұмыспен қамту 45,5% құраған. [1]. Кәсіпкерлік саласына қаржылай емес қолдау көрсету бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкер әйелдерге 17666 сервистік қызмет көрсетсе, 45501 ақпараттық қолдау білдірген. [2].

Еліміздің тарихына көз жүгіртер болсақ Ұлы Жібек сауда жолында әрбір жиырма әйелдің біреуі саудамен айналысқан. 1944-1945 жылдары Қазақстанда 226 колхоз басшысы әйелдер болған. «Әлемдегі ең іскер қазақ қызы» Forbes журналы жариялаған әйел тізіміне Гүлжан Молдажанованың есімі 37 - орында аталды. [3]

Барлық әйелдерден зерттеу шеңберінде олардың алған білімінің ең жоғары дәрежесі әйелдердің шамамен үштен бір бөлігі тех-никалық немесе кәсіптік білім (32%), ал шамамен бестен екі бөлігі жоғары білім (39%) алғаны көрсетілген.[4].

Барлық әйелдердің кемінде бастауыш білімі бар, сондықтан «біліміжоқ» деген санат бұл жерде енгізілмеген.